

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу өлшемшарттарын, сондай-ақ Рентабельділік деңгейін және ішкі рентабельділік нормасының деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 282 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 1102 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.12.2025 № 1102 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1137 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 720-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1137 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу өлшемшарттары;

2) Рентабельділік деңгейін және ішкі рентабельділік нормасының деңгейін айқындау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1137 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу өлшемшарттары

Ескерту. Өлшемшарттар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1137 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің (бұдан әрі – кен орны) кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу өлшемшарттары	Кен орны бойынша рентабельділік нормасы
Алдағы күнтізбелік жылдың немесе ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кен орнының рентабельділік деңгейі	$5\% \geq$ кен орны бойынша рентабельділік деңгейі

Ескертпе: кен орны бойынша рентабельділік деңгейін есептеуді жер қойнауын пайдаланушы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 720-бабының 4-тармағына сәйкес бекітілген рентабельділік деңгейін және ішкі рентабельділік нормасы деңгейін айқындау қағидаларына сәйкес дербес жүргізеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 21 мамырдағы
№ 282 қаулысымен
бекітілген

Рентабельділік деңгейін және ішкі рентабельділік нормасының деңгейін айқындау қағидалары

Ескерту. Қаулы қағидалармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1137 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.08.2025 № 664 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Рентабельділік деңгейін және ішкі рентабельділік нормасының деңгейін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Салық кодексі) 720-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Осы Қағидалар пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділік деңгейін және ішкі рентабельділік нормасының деңгейін айқындау тәртібін айқындайды және кен таралған пайдалы қазбалар бойынша кен орындарына қолданылмайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өзара байланысқан тараптар – Салық кодексінің 264-бабының 23) тармақшасына сәйкес осындай деп танылған тұлғалар;

2) минералдық шикізат – салық салу мақсатында пайдаланылатын ұғымдардағы минералдық шикізат және (немесе) қатты пайдалы қазбалар.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес қолданылады.

2-тарау. Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу

4. Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу үшін қызметін пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) игеруді көздейтін, оның ішінде 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған, Салық кодексінің 720-бабының 4-тармағына сәйкес бекітілген пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу өлшемшарттарына (бұдан әрі – төмен рентабельділік өлшемшарты) сәйкес келетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органды хабардар етеді.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы хабарламаның көшірмесін салық төлеуші тіркеу есебіне қойылған жердегі салық органына жібереді.

5. Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылға арналған хабарлама осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша күнтізбелік жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірілмейтін мерзімде беріледі.

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) алдағы күнтізбелік жылы рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы хабарлама ерте дегенде ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қыркүйегінде, бірақ 1 желтоқсаннан кешіктірілмей беріледі.

6. Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) рентабельділігі төмен санатқа ол төмен рентабельділік өлшемшарттарына сәйкес келген және осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген шарттар сақталған кезде жатқызылады.

7. Бағамдық айырма бойынша кірістер мен шығыстар (шегерімдер), сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының сыйақылар бойынша кірістері мен шығыстары (шегерімдері) кен орны бойынша жоспарланатын рентабельділік деңгейін және ішкі рентабельділік нормасын есептеген кезде ескерілмейді.

1-параграф. Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланатын рентабельділік деңгейін есептеу

8. Күнтізбелік жылда пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланатын рентабельділік деңгейін есептеу Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасының сақталуы ескеріліп, өндіру көлемі негізінде тиісті салық кезеңіндегі минералдық шикізат, пайдалы қазбалар, металл, қайта өңдеу өнімінің бағасын қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушының болжамды деректері негізінде былайша жүргізіледі:

1) өндірілген, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден ғана өткен минералдық шикізатты жер қойнауын пайдаланушы кейінгі қайта өңдеуден өткізбей сататын пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнының (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) жоспарланатын рентабельділік деңгейі:

$R_k = TK_k / ЖЖТ_k * 100 \%$, мұнда:

R_k – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділік;

TK_k – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша осы тармақшаға сәйкес есептелген таза кіріс;

ЖЖКк – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жылдық жиынтық кіріс, оның ішінде тауарлық өнімді өткізуден түскен кіріс. Бұл ретте тауарлық өнімді өткізуден түскен кіріс іс жүзіндегі өткізу бағасы бойынша есептеледі.

Салық кезеңіндегі пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша таза кірістің мөлшері мына формула бойынша айқындалады:

$TK_k = SK_k - KTS_k + SK_{\text{өбт}}$, мұнда:

KTS_k – салық салынатын кіріске қатысты салық кезеңіндегі пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы;

$SK_{\text{өбт}}$ – өзара байланысқан тараптың салық салынатын кірісі мыналардың жиыны ретінде айқындалады:

бастапқы қайта өңдеуді жүзеге асыратын, оған қатысты өндірілген, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден ғана өткен осындай минералдық шикізат өткізілген өзара байланысқан тараптың салық салынатын кірісі (Салық кодексінің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстардың сомасына азайтуды есепке алмағанда) (бұл ретте мұндай салық салынатын кіріс осы Қағидаларды қолданатын салық төлеушіден алынған минералдық шикізат көлемінің минералдық шикізатты өзара байланысқан тараптың жалпы алу көлеміне қатысты үлес салмағы негізге алына отырып айқындалады);

өндірілген, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден өткен минералдық шикізатты Қазақстан Республикасының аумағында осы Қағидаларды қолданатын салық төлеушіден алған өзара байланысқан тараптың салық салынатын кірісі (Салық кодексінің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстардың сомасына азайтуды есепке алмағанда) (бұл ретте мұндай салық салынатын кіріс осы Қағидаларды қолданатын салық төлеушіден сатып алынған минералдық шикізат көлемінің минералдық шикізатты өзара байланысқан тараптың жалпы сатып алу көлеміне қатысты үлес салмағы негізге алына отырып айқындалады);

SK_k – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша салық салынатын кіріс Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасына сәйкес түзетулер ескеріле отырып (Салық кодексінің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстардың сомасына азайтуды есепке алмағанда), мына формула бойынша айқындалады:

$СКк = ЖЖКк - Шк + Ттбб$, мұнда:

Шк – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша Салық кодексінің ережелеріне сәйкес және осы Қағидалардың ережелері ескеріле отырып есептелген, пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнынан өндірілген минералдық шикізатты өндіруге және бастапқы қайта өңдеуге байланысты шегерімдер;

Ттбб – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес трансферттік баға белгілеу бойынша түзету;

2) жер қойнауын пайдаланушы өндірілген минералдық шикізаттың бір бөлігін немесе бүкіл көлемін кейіннен өзінің өндірістерінде және (немесе) басқа заңды тұлғаға тиесілі өндірістерде қайта өңдеу үшін беретін пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланатын рентабельділік деңгейі осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайды қоспағанда, мына формула бойынша айқындалады:

$Рк = ТКк / ЖЖКк * 100 \%$, мұнда:

Рк – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділік;

ТКк – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша осы тармақшаға сәйкес есептелген таза кіріс.

Салық кезеңіндегі пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша таза кірістің мөлшері мына формула бойынша айқындалады:

$ТКк = СКк - КТСк + СКөбт$, мұнда:

СКөбт – өзара байланысқан тараптың салық салынатын кірісі мыналардың жиыны ретінде айқындалады:

бастапқы қайта өңдеуді жүзеге асыратын, оған қатысты өндірілген, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден ғана өткен осындай минералдық шикізат өткізілген өзара байланысқан тараптың салық салынатын кірісі (Салық кодексінің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстардың сомасына азайтуды есепке алмағанда) (бұл ретте мұндай салық салынатын кіріс осы Қағидаларды қолданатын салық төлеушіден алынған минералдық шикізат көлемінің бойынша минералдық шикізатты өзара байланысқан тараптың жалпы алу көлеміне қатысты үлес салмағы негізге алына отырып айқындалады);

өндірілген, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден өткен минералдық шикізатты Қазақстан Республикасының аумағында осы Қағидаларды қолданатын салық төлеушіден алған өзара байланысқан тараптың салық салынатын кірісі (Салық кодексінің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстардың сомасына азайтуды есепке алмағанда) (бұл ретте мұндай салық салынатын кіріс осы Қағидаларды қолданатын салық төлеушіден сатып алынған минералдық шикізат көлемінің минералдық шикізатты өзара байланысқан тараптың жалпы сатып алу көлеміне қатысты үлес салмағы негізге алына отырып айқындалады);

СКк – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша салық салынатын кіріс Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасына сәйкес түзетулер ескеріле отырып (Салық кодексінің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстардың сомасына азайтуды есепке алмағанда), мына формула бойынша айқындалады:

$СКк = ЖЖКк - Шк + Ттбб$, мұнда:

Шк – өңдеу жөніндегі шегерімдерге пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнының (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) үлесі бойынша коэффициентті қолдану арқылы пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша Салық кодексінің ережелеріне сәйкес және осы Қағидалардың ережелері ескеріле отырып есептелген, пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнында (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобында, кен орнының бір бөлігінде) кейінгі қайта өндірілген пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны бойынша минералдық шикізатты өндіруге, бастапқы қайта өңдеуге және кейінгі қайта өңдеуге байланысты шегерімдер;

Ттбб – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес трансферттік баға белгілеу бойынша түзету.

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнының (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) үлесі бойынша коэффициент – салық төлеушінің бүкіл келісімшарттық қызметі бойынша шегерімдердің жалпы сомасындағы келісімшарттық қызмет бойынша пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) шегерімдерінің үлесі (кірістер мен шығыстарды (шегерімдерді) бөлу үшін қолданылады).

Кірісті есептеу үшін жалпы компания бойынша кіріс, оның ішінде өндірілген минералдық шикізатты өндірумен, бастапқы қайта өңдеумен және қайта өңдеумен байланысты емес кірістерді (мысалы, сатып алу-сату шарты негізінде иелікке алынған пайдалы қазбаларды өткізуден түскен кіріс) қоспағанда, өткізуден түскен кіріс қабылданады.

Егер қатты пайдалы қазбаларды өткізу (бастапқы қайта өңдеу болып табылмайтын қайта өңдеуден кейін) қайта өңдеу өнімінің құрамында пайдалы қазбалардың болуы негізге алынып жүзеге асырылатын болса, пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша тауарлық өнімді өткізуден түсетін кіріс пайдалы қазбалардың әрбір түрі бойынша мына формула бойынша есептеледі:

$$ЖЖК_k = (T_{\text{өт}} * T_{k\text{ө}}/T_{\text{өң}})1*B1 + (T_{\text{өт}} * T_{k\text{ө}}/T_{\text{өң}})2*B2 + \dots (T_{\text{өт}} * T_{k\text{ө}}/T_{\text{өң}})n*Bn,$$
мұнда:

$T_{\text{өт}}$ – компания бойынша барлық өндірілген минералдық шикізаттан алынған дайын өнімді (бастапқы өңдеу болып табылмайтын өңдеуден кейін) (пайдалы қазбаның әрбір түрі бойынша) іс жүзіндегі өткізудің көлемі;

$T_{\text{өң}}$ – компания бойынша өндірілген, кейінгі өңдеуге жіберілген барлық минералдық шикізат құрамындағы пайдалы қазбалардың (пайдалы қазбаның әрбір қатты түрі бойынша) іс жүзіндегі көлемі;

$T_{k\text{ө}}$ – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша (пайдалы қазбаның әрбір түрі бойынша) кейінгі өңдеуге жіберілген пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны бойынша өндірілген минералдық шикізат құрамындағы пайдалы қазбалардың іс жүзіндегі көлемі;

B – пайдалы қазбаны өткізудің нақты бағасы.

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) бойынша өндірілген минералдық шикізаттан алынған өңдеу өнімін өткізу осындай қайта өңдеу өнімінің құрамындағы пайдалы қазбалар негізге алынбай жүзеге асырылатын болса, ЖЖК_k әрбір қайта өңдеу өнімін өткізуден түскен кіріске пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнының (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) үлесі бойынша коэффициентті қолдану жолымен есептеледі.

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнынан алынған минералдық шикізатты және (немесе) қатты пайдалы қазбаларды, оның ішінде бастапқы

өңдеуден өткендерін кейінгі қайта өңдеу жасамай өткізген кезде оларды өткізу құны да ЖЖКк-ге енгізіледі;

3) жер қойнауын пайдаланушы Салық кодексінің 745-бабының 4-тармағында көрсетілген қатты пайдалы қазбалары бар минералдық шикізаттың бір бөлігін немесе бүкіл көлемін кейіннен өзінің және (немесе) басқа заңды тұлғаға тиесілі өндірістерде қайта өңдеу үшін беретін пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланатын рентабельділік деңгейі мына формула бойынша айқындалады:

$R_k = TK_k / ЖЖК_k * 100 \%$, мұнда:

R_k – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділік;

TK_k – осы тармақшаға сәйкес есептелген пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша таза кіріс.

Салық кезеңі үшін пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша таза кірістің мөлшері мына формула бойынша айқындалады:

$TK_m = SK_k - KTC_k$, мұнда:

SK_k – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша салық салынатын кіріс Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасы бойынша түзетулер ескеріле отырып (Салық кодексінің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстардың сомасына азайтуды есепке алмағанда), мына формула бойынша айқындалады:

$SK_k = ЖЖК_k - Ш_k + Ттбб$, мұнда:

$Ш_k$ – өңдеу жөніндегі шегерімдерге пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнының (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) үлесі бойынша коэффициентті қолдану арқылы пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша Салық кодексінің ережелеріне сәйкес және осы Қағидалардың ережелері ескеріле отырып есептелген, пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнында (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобында, кен орнының бір бөлігінде) кейінгі қайта өндірілген пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнынан алынған

минералдық шикізатты өндіруге, бастапқы қайта өңдеуге және кейінгі қайта өңдеуге байланысты шегерімдер.

Бұл ретте осы Қағидалардың мақсатында пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнынан (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобынан, кен орнының бір бөлігінен) алынған минералдық шикізатты қайта өңдеуге арналған шығыстар бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын шегерімдер нақты шығыстар бойынша есепке алынады, бірақ Қазақстан Республикасындағы жылдық инфляция деңгейіне ұлғайтылған алдыңғы кезеңнің (күнтізбелік жыл) қайта өңдеу шегерімдерінен аспайды. Бұл ретте, егер алдыңғы жылы іс жүзіндегі қайта өңдеу шегерімдері тиісті шектен асып кетсе, онда алдыңғы кезеңнің шегерімдері ретінде ағымдағы кезеңде мұндай шегерімдер осы шектен аспаған неғұрлым жақын күнтізбелік жылдың шегерімдері ескеріледі.

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнының (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) үлесі бойынша коэффициент – салық төлеушінің бүкіл келісімшарттық қызметі бойынша шегерімдердің жалпы сомасындағы кен орнының (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) келісімшарттық қызметі бойынша шегерімдерінің үлесі (кірістер мен шегерімдерді бөлу үшін қолданылады);

Ттбб – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес трансферттік баға белгілеу бойынша түзету.

Кірісті есептеу үшін өндірілген минералдық шикізатты өндірумен, бастапқы өңдеумен және қайта өңдеумен байланысты емес кірістерді (мысалы, сатып алу-сату шарты негізінде алынған пайдалы қазбаларды өткізуден түскен кіріс) қоспағанда, жалпы компания бойынша кіріс, оның ішінде тауарлық өнімді өткізуден түскен кіріс қабылданады.

Егер қатты пайдалы қазбаларды өткізу (бастапқы қайта өңдеу болып табылмайтын қайта өңдеуден кейін) қайта өңдеу өнімінің құрамындағы қатты пайдалы қазбалар негізге алынып жүзеге асырылатын болса, пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша тауарлық өнімді өткізуден түсетін кіріс пайдалы қазбалардың әрбір түрі бойынша мынадай формуламен есептеледі:

$$ЖЖКк = (Төт * Ткө/Төң)1*Б1 + (Төт * Ткө/Төң)2*Б2 + \dots (Төт * Ткө /Төң)n*Бn,$$
мұнда:

Төт – компания бойынша өндірілген минералдық шикізаттан (пайдалы қазбаның әрбір түрі бойынша) алынған барлық дайын өнімді (бастапқы өңдеу болып табылмайтын өңдеуден кейін) өткізудің іс жүзіндегі көлемі;

Төң – компания бойынша өндірілген, кейінгі өңдеуге жіберілген барлық минералдық шикізат құрамындағы қатты пайдалы қазбаның (қатты пайдалы қазбаның әрбір түрі бойынша) іс жүзіндегі көлемі;

Ткө – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша (қатты пайдалы қазбаның әрбір түрі бойынша) кейінгі өңдеуге жіберілген өндірілген минералдық шикізат құрамындағы пайдалы қазбалардың іс жүзіндегі көлемі;

Б – Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында көзделген түзетулер ескеріле отырып, Салық кодексінің 745-бабы 3-тармағының 1) тармақшасы негізінде қалыптастырылатын өткізу бағасы. Егер минералдық шикізаттың пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) құрамында Салық кодексінің 745-бабының 4-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалар, пайдалы қазбалардың басқа да түрлері болса, онда пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өткізу кезінде ЖЖКк көрсеткіші мақсатында өткізудің нақты бағасы қолданылады.

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша минералдық шикізат және (немесе) қатты пайдалы қазбалар, оның ішінде кейін қайта өңдеу жасалмай бастапқы қайта өңдеуден өткен минералдық шикізат және (немесе) қатты пайдалы қазбаларды өткізген жағдайда олардың Салық кодексінің 745-бабы 3-тармағының 1) тармақшасы негізінде қалыптастырылатын баға қолданылған өткізу құны да ЖЖКк-ге енгізілуге тиіс.

Осы тармақша, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында көзделген түзетулер ескеріле отырып, Салық кодексінің 745-бабының 4-тармағында көрсетілген қатты пайдалы қазбаларды, минералдық шикізатты және (немесе) құрамында осындай қатты пайдалы қазбалар бар өңдеу өнімін Салық кодексінің 745-бабы 3-тармағының 1) тармақшасы негізінде қалыптастырылатын өткізу бағасы бойынша өткізген кезде (оның ішінде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына) ғана қолданылады.

Осы Қағидалардың мақсатында бір шегерімді бір реттен артық қолдануға жол берілмейді.

9. Төмен рентабельді санатқа жатқызылған пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) үшін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (бұдан әрі – ПҚӨС) мөлшерлемелері 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Салық кодексінде белгіленген ПҚӨС мөлшерлемелері мөлшерінде қолданылады.

2-параграф. Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша ішкі рентабельділік нормасын есептеу

10. ПҚӨС Салық кодексінің 746-бабының 3-тармағында көзделген шарттар қатар сақталып, өнеркәсіптік өндіру басталған сәттен бастап 60 ай бойы пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша 0 пайыз мөлшерлеменен есептеледі.

Бұл ретте салық салу мақсаттары үшін өнеркәсіптік өндіру деп пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны бойынша минералды шикізатты өндіру кезеңі түсініледі, оған көшу тау-кен жұмыстары жоспарында (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізіле отырып) айқындалады және жер қойнауын пайдаланушы бюджетке төленетін төлемдер мен салықтардың түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға тиісті хабарлама жіберу арқылы пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша осы кезеңнің басталу жылын көрсете отырып, осындай ауысуға дейін кемінде 15 жұмыс күні бұрын тиісті хабарлама жіберу арқылы жариялайды.

Мұндай пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнында (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобында, кен орнының бір бөлігінде) минералдық шикізат бойынша өнеркәсіптік өндіруге өту 2013 жылдан бастап 2022 жыл аралығында осындай пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша минералдық шикізатты өндіру жүргізілмеуі не пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны бойынша өндірілген минералдық шикізат көлемінің 200 мың тоннадан аспауы шарты сақталған кезде бюджетке төленетін төлемдер мен салықтардың түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсынылған хабарламада көрсетілген жылдан, бірақ ерте дегенде 2022 жылғы 31 желтоқсанныан басталды деп танылады.

Бұл ретте осындай пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша Салық кодексінің 746-бабының 3-тармағында көзделген 60 айдан аспайтын кезеңге ПҚӨС-ты 0 пайыз мөлшерлемесімен есептеуді Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) қосымша мақұлдауға және жер қойнауын пайдаланушының осы тармақта көзделген қосымша (әлеуметтік, инвестициялық) міндеттемелерді қабылдауы ескеріліп, Инвестиция тарту жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Инвестициялық штаб) оң қарауға тиіс.

Осындай ұсынысты Комиссияның және Инвестициялық штабтың қарауына шығару Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Комиссия мақұлдауының және Инвестициялық штабтың оң қарауының нәтижелері бойынша қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша келісімшартқа мынадай бөлікте өзгерістер мен толықтырулар енгізеді:

1) өнеркәсіптік өндіруге көшу жөніндегі кезеңді айқындап, жұмыс бағдарламасын (тау-кен жұмыстарының жоспарын) өзгерту қажет болған жағдайда жекелеген жұмыс бағдарламасына оларды пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің қорларын (бар болса) бөлек жұмыс бағдарламасына бөліп шығарып, оларды пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің игерілетін кен орнының қорларынан не кен орындарының бір бөлігінің қорларын (бар болса) игеруден бөлек игерудің бірыңғай жұмыс бағдарламасы бойынша игерілетін кен орнының қорларымен бірге игеру;

2) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және қаржы жылының бірінші қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде 3000000 еселенген мөлшерін құрайтын кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша инвестициялар көлемін қамтамасыз ету;

3) пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) жұмыскерлерінің тізімдік санының кемінде 50 пайызы мөлшерінде жұмыс орындарының сақталуын қамтамасыз ету;

4) пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша бір жұмыскердің күнтізбелік жылға Қазақстан

Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша орташа салалық көрсеткіштен кем болмайтын шаманы құрайтын орташа айлық номиналды жалақысын қамтамасыз ету. Бір жұмыскердің пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) орналасқан ауданы және еңбек бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушының экономикалық қызметінің түрі (ЭҚЖЖ) бойынша осындай күнтізбелік жылға айқындалатын орташа айлық номиналды жалақысының мөлшері осындай орташасалалық көрсеткіш болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушы ПҚӨС бойынша бөлек салық есебін Салық кодексінің 194-бабына сәйкес жүргізеді.

11. Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша ішкі рентабельділік нормасының деңгейі жер қойнауын пайдаланушының ақша легі негізінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$RIN = AL / ЖЖК * 100\%$, мұнда:

RIN – рентабельділіктің ішкі нормасы – тиісті салық кезеңіне жүргізілетін инвестициялардың өтелу коэффициенті;

AL – ақша легі – салынған инвестицияларды қайтару құнының тиісті салық кезеңдеріндегі ақша легіне сүйене отырып есептелген есептік көрсеткіші;

ЖЖК – пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша тиісті салық кезеңіндегі жиынтық жылдық кіріс.

Ақша легі (AL) мына формула бойынша айқындалады:

$$AL = AL1 + AL2 + \dots + An$$

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жиынтық жылдық кіріс мына формула бойынша айқындалады:

$ЖЖК = ЖЖК1 + ЖЖК2 + \dots + ЖЖКn$, мұнда:

1, 2, ... n – уақыт кезеңі (жыл);

AL1-п, – жер қойнауын пайдаланушының жылдық ақша легі пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жиынтық жылдық кіріс және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) бойынша қызметті жүзеге асырған кезде пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт

бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жүргізілген шығындар арасындағы айырма ретінде айқындалады;

ЖЖК1-п – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) шеңберіндегі қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жиынтық жылдық кірістің сомасы салық заңнамасына сәйкес айқындалады.

Келісімшарт (лицензия) шеңберінде пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жер қойнауын пайдаланушы жұмсаған шығындар мыналарды қамтиды:

1) күрделі шығындар – жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру барысында капиталданатын және салық заңнамасына сәйкес амортизациялатын, оның ішінде өнеркәсіптік өндіру басталғанға дейін жүргізілген шығындар;

2) күрделі шығындар бойынша амортизацияның және қарыз қаражаты бойынша сыйақылардың есептелген сомаларын қоспағанда, салық заңнамасына сәйкес шегеруге жатқызылатын, капиталдандырылуға тиіс шығындар;

3) пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орны (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша салық заңнамасына сәйкес есептелген корпоративтік кіріс салығының сомалары.

Рентабельділік деңгейін және
ішкі рентабельділік нормасының
деңгейін айқындау
қағидаларына қосымша

Нысан

Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы хабарлама

1. Жер қойнауын пайдаланушының (заңды тұлғаның) толық атауы не (жеке тұлғаның)

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса): _____.

2. Орналасқан жері (пошталық мекенжайы): _____.

3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі:

_____.

4. Пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыруға негіз болатын және пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын игеруді көздейтін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты, кен орнын (бір келісімшарт бойынша кен

орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу болжанатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт:

4.1. Келісімшарттың толық атауы, келісімшарттың тараптары, келісімшарт жасалған күн: _____

4.2. Құзыретті органда келісімшарттың тіркелген күні мен нөмірі: _____

4.3. Келісімшарттың (кен орнының) атауы: _____

4.4. Келісімшарттық аумақтың (жер қойнауының, бір келісімшарт бойынша кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) орналасуы: _____

4.5. Өндірілетін пайдалы қазбаның түрі: _____

5. Байланыс жасайтын адам (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, телефоны): _____

(басшының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы) _____

Мөрдiң орны

Хабарланған күні: 20__ж. " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 21 мамырдағы
№ 282 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1379 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 75-76, 1122-құжат).

2. "Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1379 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 892 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 51, 516-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 11-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 57, 546-құжат).

4. "Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1379 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 шілдедегі № 443 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 40, 255-құжат).

5. "Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1379 қаулысына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 553 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 40-41, 277-құжат).